

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті

Тақырыбы:

***Мақтаның өсіп-
жетілуі***

Орындаған: Жарылғас А.А.

Тобы: БҚБ-404

Қабылдаған: Каирова А.

Мақта (лат. *Gossypium*)



құлқайырлар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік туысы, бағалы

талшықты дақыл

б.з. дейін Орта Азия республикаларында, Үндістанда, Иран, Қытай, Мексика, Перу аймақтарында өсірілген. Қазақстанда 1918 жылы Түркістан жерін суландыруға байланысты қолға алынды. 1924 жылы мақта өсіретін Мақтаарал ауданы құрылды.

Мақта – жарық, жылу, ылғалды көп керек етеді. Облыстың Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара, Ордабасы, Отырар аудандарында, Арыс, Түркістан қалалық әкімдік аумақтарында Мақтаның орта талшықты нөмірлері (Қырғыз-3, С-4727, С-6524, 108-Ф) өсіріледі. ОҚО ауа-райына байланысты мақта сәуір-мамыр айларында толықтай егіліп бітеді. Шиті жерге түскеннен кейін жер құнарлылығы жақсы болса 5-10 күннің көлемінде жер бетіне шығады.



Мақтаның биіктігі 1–1,5 м. 1–2 негізгі бұтақтан 10–15 жанама бұтақша тарайды, одан кейін осы бұтақшаларға **гүл** мен қауашағы шығады. Гүлі жеке, ірі **сары** не **ақ**. Мақта өздігінен, кейде айқас тозаңданады. Сабағы 90–130 см-ге жетеді, жапырағы жүрек тәріздес. Жемісі 3–5 ұялы қауашақ, оның ішінде талшық, оның ортасында 20–40 мақта тұқымы болады. Тұқымы 10–12С-та өне бастайды, 25–30С-та жақсы өседі, 0С-та үсікке шалдығады. Гүлдеу және пісу кезінде ылғалды көп керек ететіндіктен, суармалы жерлерде жоғары өнім береді.

Мақтаның

түрлері

Орташа талшықты кәдімгі немесе мексикалық мақта

Оның кесегі ірі, жұмыр, жоғарғы жағы үшкір, қауашағы 3-5 жерден алынады, әр көсектің қауашағында 5-10 дана тұқымы бар. Талшығының сапасы жоғары, ұзындығы 30-35 мм, жіңішкелігі

17-20мкм.

Жіңішке талшықты перу немесе мысыр мақтасы

Оның көсегі ұсақ конус тәріздес, ұзынша келеді. Қауашағы 3-4 ұялы, онда 5-8 жалаңаш тұқым бар.

Талшығының сапасы жоғары, ұзындығы 38-40 мм, жіңішкелігі

Мақта ыстық жерді, құрғақ ауаны жақсы көреді. Мақта март айының аяқ кезінде егіледі. Июньнің басында гүлденеді. Әуелі мақта жасыл шөп болып шығады. Артынан бүршік пайда болады. Бүршіктер гүл атады. Гүлі алғашқы күні ақ болады, ертеңіне қызарады. Бір аздан соң гүл үгіліп түседі, мақтаның жалаңаштанып шоқпар бас көсегі қалады.

Бұл көсектер — мақтаның жемісі болады. Көсек піскеннен кейін жарылады. Ішінен жұмсақ ақ түбіт шығады. Мақта деп, міне, соны айтамыз.

Мақтаны суару. Мақтаның өсіп, жетілуі үшін 215 жылы, ашық күн керек. Жердің жеткілікті дымқылдығы болу керек.

Түрікменстан мен Өзбекстанда жылы күн тіпті көп, бірақ су аз.

Сондықтан бұл жерлерде мақта суару үшін арық жүргізіледі.

Егін салынған даланың бәрі сала-сала арық болады. Арық үлкен өзендерден алынады.



Мақта

өнімдері

1 т шитті Мақтадан 330–360 кг талшық (бұдан 3000 м мата тоқылады), 100–110 кг тағамдық, техникалық май, 30–40 кг қысқа талшық, 550–580 кг тұқым алынады.

Тұқымында 20–25% май болады, сондықтан 1 т Мақта тұқымынан 170 кг Мақта майы, 400–420 кг күнжара, 300 кг қауыз, мақта мамығы, олифа, глицерин, т.б. құнды өнімдер алынады. Мақта – тоқыма өнеркәсібі үшін негізгі шикізат.

Мақтаның ұзын талшықтарынан әр түрлі маталар – бәтес, сәтен, маркизат тоқылса, қысқа талшықтарынан целлюлоза, пластмасса, фотопленка, дәрілік мақта, жанғыш пілте, жасанды жібек, жіп, т.б. дайындалады.

Мақта майы тамақ, консерві, парфюмерия өнеркәсіптерінде, ал тұқым қалдығынан этил, метил спирттерін, лак, қағаз, орган. қышқылдар, целлюлоза, т.б. алуға болады және сабағы(Қозапая) отын ретінде, күнжарасының құрамында белок болғандықтан мал азығы ретінде қолданылады.



***Назар
аударғандарыңызға
рахмет***